

Атырау облысында іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру туралы

Күшін жойған

Екінші сайланған Атырау облыстық Мәслихаты XV сессиясының шешімі 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N№177-II. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 31 қаңтарда N 746 тіркелді.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысытық мәслихатының 17.02.2016 № 474-V шешімімен (қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 550 Жарлығына сәйкес облыстық Мәслихаттың XV сессиясы шешім етті:

1. "Атырау облысында іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру туралы" облыс әкімі ұсынған 2001 жылдың 26 желтоқсандағы N 351 шешімі бекітілсін.

2. Атырау облысы аумағында іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасарына (Р.Қ. Мүрсәлиева) және облыстық Мәслихаттың әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына (У. Бисенұлы) тапсырылсын.

Облыстық Мәслихат XV сессиясының төрағасы

Облыстық Мәслихаттың хатшысы

Атырау облысы әкімінің 2001 жылғы 26
желтоқсандағы N 351 шешімі

Атырау облысында іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру туралы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 550 Жарлығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі "Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде 2001-2002 жылдарға арналған іс-шаралардың жоспары туралы" N 450 Қаулысын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ, Атырау облысы әкімиятының 2001 жылғы 20

қыркүйектегі "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасы туралы" N 32 Қаулысына сәйкес шешім етемін:

1. Атырау облысы аумағында іс жүргізу 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік тілге көшірілсін.

2. "Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" Заңының 8-бабына сәйкес облыстағы мемлекеттік емес ұйымдарға өздерінің қызметінде мемлекеттік тілді қолдануды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Облыстың мемлекеттік органдарында және барлық меншік нысанындағы ұйымдарында статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттар, бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, прејскуранттар, баға көрсеткіштері сияқты деректемелер мен көрнекі ақпараттар басым бағытта мемлекеттік тілде жасақталсын.

4. Қала, аудандар әкімдері:

- өз әкімшілік аумақтарындағы көлік, сауда және байланыс салаларын мемлекеттік тілдегі сапалы анықтама-ақпараттармен қамтамасыз етуді ұйымдастырсын;

- облыс орталығы мен аудандарда, кенттер мен селоларда жұртшылыққа қызмет ететін байланыс тораптарын қазақ қарпілі аппараттармен, сондай-ақ қазақ тілінде қызмет жасай алатын кадрлармен қамтамасыз етуді бақылауға алсын.

5. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 және 93-баптарына сай азаматтарға мемлекеттік тілді үйрету курстарын ұйымдастыру үшін жыл сайын облыстық және жергілікті бюджеттерде қаржы-қаражат қарастырылсын.

6. Облыстағы мемлекеттік ұйымдар мемлекеттік тілді меңгерген қызметкерлерді материалдық, моральдық көтермелеу шараларын қолдансын.

7. Мемлекеттік ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің штат кестелеріне қазақ тілінде іс жүргізушілер мен аудармашылардың лауазымдары енгізілсін.

8. Облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасына (Б.Қожиев) мемлекеттік тілді үйрету мен іс қағаздарға енгізудің кешенді бағдарламаларын әзірлеп, мекеме, ұйымдарға әдістемелік көмек көрсетіп отыру ұсынылсын.

9. Облыс әкімі аппараты (М. Өтешов) атқару органдарынан келіп түскен мемлекеттік тілдегі құжаттардың сапасына оқтын-оқтын сараптау өткізіп, оны жақсарту жөнінде облыс әкіміне ұсыныстар енгізілсін.

10. Осы шешімнің жүзеге асырылуына мемлекеттік атқару органдарының, мекемелер мен ұйымдардың, барлық деңгейдегі әкімдер тікелей жауапты.

11. Облыс әкімінің осы шешімі облыстық Мәслихаттың кезекті сессиясының бекітілуіне ұсынылсын.

12. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Т. Мүрсәлиеваға жүктелсін.

Облыс әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК